«Бекітемін»
№5 мектеп-лицей директоры
_____ Б.Дуйсенбаев
«11» 08 2026 ж

«Келісемін»
Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
_____ А.Алиев
«28» 08 2026 ж

И.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің 2026 – 2027 оқу жылына арналған «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушы бұйрығының (№194, 30.07.2024)2-қосымшасына сәйкес

(ҚР Оқу-ағарту министрі бұйрығы 26.05.2025ж. №123 бұйрығымен толықтырулар, өзгертулер «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)

Сыныбы:4 «Ә»
Сынып жетекшісі: Г.Көптілеу

«АДАЛ АЗАМАТ» БІРЫҢҒАЙ ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

2026–2027 оқу жылындағы тәрбие жұмысы «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы аясында ұйымдастырылады және саналы шешім қабылдай алатын, заңды, еңбекті, қоғамдық құндылықтарды құрметтейтін әрі елдің дамуына үлес қосатын білімді, отаншыл, жауапты және жасампаз ұрпақ қалыптастыруға бағытталған.

«Адал азамат» бағдарламасы бұған дейін іске асырылған «Біртұтас тәрбие» бірыңғай тәрбие бағдарламасының заңды жалғасы болып табылады. Тәрбиеге заманауи көзқарас мектеп, отбасы, мемлекет және қоғамның өзара іс-қимылы арқылы бала тұлғасын қалыптастыратын тұтас тәрбиелік ортаны құруды көздейді.

Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Конституциясының құндылықтарын, «Еңбек адамы» құндылығын, «Заң және тәртіп» және «Таза Қазақстан» қағидаттарын оқу-тәрбие үдерісінің барлық бағыттарына жүйелі кіріктіру негізінде құрылады. Білім алушылардың құқықтық мәдениетін, азаматтық жауапкершілігін, еңбекке құрметін, экологиялық санасын, қауіпсіз мінез-құлқын және айналасындағыларға жауапты қарым-қатынасын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Тәрбие жұмысының негізіне Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көрсетілген алты базалық құндылық алынған:

еңбексүйгіштік және кәсіби біліктілік;

тәуелсіздік және отаншылдық;

әділдік және жауапкершілік;

бірлік және ынтымақ;

заң және тәртіп;

жасампаздық және жаңашылдық.

Тәрбие жұмысының мазмұны тиісті базалық құндылықтарды ескере отырып айлар бойынша бөлінеді:

қыркүйек — еңбексүйгіштік және кәсіби біліктілік;

қазан — тәуелсіздік және отаншылдық;

«Еңбек адамы» сынып сағатының мазмұнына еңбекке және әртүрлі мамандық иелеріне құрметті, өз қызметінің нәтижесіне жауапкершілікті, еңбекқорлықты, дербестікті және қоғамға пайда келтіруге ұмтылысты тәрбиелеу арқылы енгізіледі.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Заң және тәртіп», «Таза Қазақстан» және «Еңбек адамы» бірыңғай тәрбиелік желіні құрайды және нақты тақырыптың мазмұны мен білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сынып сағаттарының тақырыптарына жүйелі түрде енгізіледі.

Қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру маңызды бағыт болып табылады. «Жеке қауіпсіздік» оқу курсы ықтимал қауіпті жағдайларды тани білу, негізделген шешімдер қабылдау, жеке, қоғамдық, жол және цифрлық қауіпсіздік ережелерін сақтау қабілетін дамытуға бағытталған.

Сынып сағаттарының мазмұнына білім алушылардың жеке қауіпсіздігі мен қауіпсіз мінез-құлқы, оның ішінде жол жүрісі ережелері мен тіршілік қауіпсіздігі негіздеріне арналған 10 минуттық «Қауіпсіздік сабағы» жүйелі түрде енгізіледі.

Тәрбие жұмысының басым бағыттарының бірі — «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыру. Ол тек экологиялық бағыт ретінде ғана емес, жеке жауапкершілікті, мінез-құлық мәдениетін, табиғатқа, мектеп және қоғамдық кеңістікке ұқыпты қарауды қалыптастыру құралы ретінде қарастырылады.

«Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында экологиялық білімді білім беру үдерісіне кіріктіруді және білім алушылардың қоршаған ортаға жауапты қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды көздейтін «Жасыл мектеп» пилоттық жобасы іске асырылады.

Тәрбиенің практикалық бағытын күшейту үшін «Адал азамат» бағдарламасының алты әлеуметтік жобасын іске асыру жалғасады:

«Қамқор» — әлеуметтік жобаларды іске асыру арқылы құндылықтарды ілгерілету;

«Еңбегі адал – жас өрен» — адал еңбекке құрмет қалыптастыру, мамандықтарға қызығушылық пен еңбекқорлық құндылығын дамыту;

«Шабыт» — білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу;

«Ұшқыр ой алаңы» — тілдік, коммуникативтік дағдыларды және мазмұнды талқылау мәдениетін дамыту;

қараша — әділдік және жауапкершілік;

желтоқсан — бірлік және ынтымақ;

қаңтар — заң және тәртіп;

ақпан — жасампаздық және жаңашылдық;

наурыз — тәуелсіздік және отаншылдық;

сәуір — еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;

мамыр — бірлік және ынтымақ.

Тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктері, тәрбиенің өзекті міндеттері, мемлекеттік және ұлттық құндылықтар, атаулы күндер, жеке және қоғамдық қауіпсіздік мәселелері, балалар мен жасөспірімдер ортасындағы жағымсыз құбылыстардың алдын алу ескеріледі.

2026–2027 оқу жылында тәрбие жұмысы негізгі тәрбиелік бағыттарды сынып сағаттарының мазмұнына жүйелі кіріктіру негізінде жүзеге асырылады.

Әрбір сынып сағатын әзірлеу кезінде негізгі тақырып төрт негізгі бағытпен байланыстырылады: Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Заң және тәртіп», «Таза Қазақстан» және «Еңбек адамы». Бұл бағыттар жеке қосымша іс-шаралар ретінде өткізілмейді, сынып сағатының негізгі тақырыбының мазмұны арқылы ашылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы білім алушылардың құқықтар, міндеттер, азаматтық жауапкершілік, әділдік және мемлекеттік құндылықтарға құрмет туралы түсінігін қалыптастырудың негізі болып табылады.

«Заң және тәртіп» ережелер мен мінез-құлық нормаларын сақтау, жеке және қоғамдық жауапкершілік, басқа адамдардың құқықтарын құрметтеу, қауіпсіз әрі заңға бағынатын мінез-құлық мәселелері арқылы кіріктіріледі.

«Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті, табиғатқа, мектеп кеңістігіне, қоғамдық мүлікке, ресурстарға және қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру арқылы ашылады.

«Smart bala» («Ақылды бала») — инновациялық ойлауды дамыту және конкурстық жобаларды іске асыру;

«Балалар кітапханасы» — оқуға, білімге және танымға тұрақты қызығушылық қалыптастыру.

Құндылықтарды жүйелі қалыптастыру жекелеген тәрбиелік іс-шаралар арқылы ғана емес, мектеп өмірін күнделікті және апта сайын ұйымдастыру арқылы да жүзеге асырылады.

Күнделікті тәрбие жұмысына білім алушылардың бос уақытын ұлттық ойындар арқылы ұйымдастыруға бағытталған «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»; ата-аналардың баламен өзекті адамгершілік тақырыптарында жеке әңгімелесуін көздейтін «Өнегелі 15 минут»; суға, энергияға, азық-түлікке және басқа ресурстарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыратын «Үнемді тұтыну»; мектеп ортасында ұлттық күйлерді қолдануды көздейтін «Күй күмбірі» енгізіледі.

Апта сайынғы тәрбие жұмысына «Менің Қазақстаным» — оқу аптасының басында бірінші сабақта Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындау, апта дәйексөзін оқу және сабақтан тыс қызметтің мағыналық бағдары ретінде пайдалану, сынып сағаттарын, қауіпсіздік сабақтарын және мінез-құлық мәдениеті мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды өткізу кіреді.

Қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын құруға және буллингтің кешенді алдын алуға бағытталған «ДОСБОЛЫКЕ» бағдарламасын іске асыруға ерекше назар аударылады. Жұмыс антибуллинг мәдениетін қалыптастыруды, балаларды қауіпсіз мінез-құлық пен эмоциялық интеллектке үйретуді, педагогтер мен ата-аналардың құзыреттілігін арттыруды, әлеуметтік-психологиялық ахуалды диагностикалау мен тұрақты мониторингтеуді көздейді.

Осылайша, 2026–2027 оқу жылындағы тәрбие жұмысы «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтары сынып сағаттарының мазмұны, білім беру үдерісі, әлеуметтік жобалар, профилактикалық жұмыс, мектеп ортасы және отбасымен өзара іс-қимыл арқылы жүзеге асырылатын біртұтас жүйе болып табылады.

Тәрбие жұмысының негізгі нәтижесі — Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын құрметтейтін, елінің тәуелсіздігін бағалайтын, еңбекқорлық, әділдік пен ынтымақ танытатын, табиғат пен қоғамдық мүлікке ұқыпты қарайтын, нақты және цифрлық ортада қауіпсіз әрекет ете алатын, білімге, жасампаздыққа және қоғамды дамытуға ұмтылатын адал әрі жауапты азамат тұлғасын қалыптастыру.

Қыркүйек — еңбеккорлық және кәсіби біліктілік айы
1 қыркүйек – «Білім күні»
5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні
Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні
Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні
Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

I тоқсан
1-аптаның дәйексөзі
1: «Білім - қымбат қазына, қанағат тұтпа азына»(Мұзафар Әлімбаев)
01.09.26–06.09.26 ж.

№	Тәрбие құндылықтары бағыттары бойынша іс-шаралар тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1.	«Қазақстан Конституциясы — адал азаматты, зияткер ұлтты және жауапты қоғамды қалыптастырудың негізі». **1 қыркүйек -Білім күні.** **«Таза Қазақстан: Конституция құндылықтары – экологиялық мәдениет пен жауапкершіліктің негізі»**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	03.09.2026ж

2-аптаның дәйексөзі
«Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!»
07.09.26 ж.–13.09.26 ж.

2.	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы:*** ***«Менің отбасым — менің тірегім»*** *Сынып сағатының мазмұндық бағыттары:* *Заң және тәртіп — «Отбасындағы құқықтар, міндеттер және жауапкершілік»* *Таза Қазақстан — «Тазалық отбасынан басталады»* *Жеке қауіпсіздік — «Жедел қызметке қалай қоңырау шалу керек?»*	Сынып сағаты бейнеролик	Сынып жетекшісі	10.09.2026ж

3-аптаның дәйексөзі:
«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» (Абай)
14.09.26 ж.–20.09.26 ж.

3	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы:*** ***«Еңбек пен жауапкершілік отбасынан басталады»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Еңбек адамы — «Ортақ іске қосқан үлесім»* *Заң және тәртіп — «Еңбек, құқықтар және міндеттер»* *Жеке қауіпсіздік — «Секретное слово — семейный пароль»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	17.09.2026ж
	4-аптаның дәйексөзі: **«Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы» (Абай)** **21.09.26 ж.–27.09.26 ж.**			
4	Сынып сағатының негізгі тақырыбы: **«Еңбек — табыстың негізі»** Құндылықтарды жүйелі кіріктіру: *Еңбек адамы — «Барлық мамандық маңызды»* *Заң және тәртіп жаңа Конституция құндылықтары аясында — «Еңбек ету және мамандық таңдау құқығы»* *ЖЖЕ — «Жол жүрісі ережелерін білеміз бе?»* *Жеке қауіпсіздік — «Қаңғыбас итті кездестіргенде не істеу керек?»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	24.09.2026ж
	Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы **1 қазан**– Халықаралық қарттар күні **қазан**– Мұғалімдер күні **24 қазан**– Кітапханашылар күні **25 қазан** – Республика күні			**5**
	1-аптаның дәйексөзі: **«Ел-жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»** **«28.09.26 ж.–04.10.26 ж.**			
5	Сынып сағатының негізгі тақырыбы: **«Аға буын — құндылықтарымыздың сақтаушысы»** *Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:* *Еңбек адамы — «Аға буынның еңбегі — ел дамуына қосқан үлес»* *Заң және тәртіп жаңа Конституция құндылықтары аясында — «Адамға және оның қадір-қасиетіне құрмет»* *Жеке қауіпсіздік — «Бейтаныс адамға өзіңе қауіп төндірмей қалай көмектесуге болады?»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	01.10.2026ж

2-аптаның дәйексөзі:
«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»
05.10.26 ж.–11.10.26 ж.

6	**«Цифрлық әлем: қауіпсіздік жауапкершіліктен басталады»** *Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:* *Заң және тәртіп жаңа Конституция құндылықтары аясында — «Цифрлық құқықтар мен жауапкершілік»* *Таза Қазақстан — «Заманауи технологиялар табиғатты қорғауда»* *ЖЖЕ — «Оқушылардың топпен және колоннамен қозғалысы»* *Жеке қауіпсіздік — «Жалған хабарламалардың құрбаны болмау үшін не істеу керек?»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	08.10.2026ж

3-аптаның дәйексөзі:
«Отанды сүю – отбасынан басталады!»
12.10.26 ж.–18.10.26 ж.

7	**Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Ел болашағы біздің құндылықтарымыздан басталады».** **Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:** *Еңбек адамы — «Ел болашағын қалыптастыратын мамандықтар»* *Заң және тәртіп жаңа Конституция құндылықтары аясында — «Конституция және қоғам өміріндегі заңның рөлі»* *DOSBOLLIKE — «Сөздің ұлы күші»* *Жеке қауіпсіздік — «Тамақтанудағы тәжірибелермен өзіңе қалай зиян келтірмеуге болады?»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	15.09.2026ж

4-аптаның дәйексөзі:
«Отаным – алтын бесігім!»
19.10.26 ж.–25.10.26 ж.

8	**Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Республика күні»** **Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:** *Заң және тәртіп жаңа Конституция құндылықтары аясында — «Конституция — Республика өмірінің негізі»* *Жеке қауіпсіздік — «Табиғат аясында демалғанда қауіптен қалай сақтануға болады?»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	22.10.2026ж

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы

15 қараша– Ұлттық валюта – теңге күні

16 қараша– Халықаралық толеранттылық күні

II тоқсан 1-аптаның дәйексөзі:
«Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!»
02.11.26 ж.–08.11.26 ж.

9	**Негізгі тақырып: «Әділетті Қазақстан: адал азамат — озық ойлы ұлт»** **Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:** *Заң және тәртіп жаңа Конституция құндылықтары аясында — «Әділетті Қазақстан: барлығының заң алдындағы теңдігі»* *Жеке қауіпсіздік — «Үйдегі ойындар: қауіпсіздік шараларын сақтаймыз»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі

2-аптаның дәйексөзі :
«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ»
09.11.26 ж.–15.11.26 ж.

10	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Теңге — Тәуелсіздіктің тірегі»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Заң және тәртіп жаңа Конституция құндылықтары аясында — «Ұлттық валюта және мемлекеттің тәуелсіздігі»* *Жеке қауіпсіздік — «Көшедегі қауіпсіз ойындар»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі

3-аптаның дәйексөзі:
«Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі»
16.11.26 ж.–22.11.26 ж.

11	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Жауапты таңдау — жауапты әрекет»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Заң және тәртіп жаңа Конституция құндылықтары аясында — «Таңдау, әрекет және заң алдындағы жауапкершілік»* *DOSBOLLIKE — «Көру, сезіну, есту»* *Жеке қауіпсіздік — «Төтенше қызмет нөмірлері»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі

4-аптаның дәйексөзі:
«Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!»
23.11.26 ж.–29.11.26 ж.

	Сынып сағатының негізгі тақырыбы: ***«Энергияны үнемдеу — Қазақстан экологиясына қосқан үлес»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:***		

12	*Таза Қазақстан — «Энергияны үнемдеу — Қазақстанның экологиялық болашағына қадам»* *Еңбек адамы — «Энергетика мен экологиядағы болашақ мамандықтар»* *Жеке қауіпсіздік — «Төтенше жағдай кезінде жедел қызметтерге қоңырау шалу сценарийлері»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы
5 желтоқсан – Дүниежүзілік еріктілер күні
16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

1-аптаның дәйексөзі:
«Бірлігі күшті ел озады»
«Халықтың күші — бірлікте»
30.11.26 ж.–06.12.26 ж.

13	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Табиғатты аялаймыз»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Заң және тәртіп жаңа Конституция құндылықтары аясында — «Табиғатты қорғау — азаматтың конституциялық міндеті»* *Таза Қазақстан — «Табиғатқа жауапты көзқарас — Қазақстанның болашағына қосқан үлес»* *Еңбек адамы — «Экологиялық мамандықтар: табиғат игілігі үшін еңбек»* *Жеке қауіпсіздік — «Құпиясөз — отбасыңыздың құпиясы»*	Сынып сағаты Мектепте/сыныпта тазалықты сақтауға арналған акция	Сынып жетекшісі

2-аптаның дәйексөзі:
«Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді»
07.12.26 ж.–13.12.26 ж.

14	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы:*** ***«Бірлік пен келісім: халықтың күші — ынтымақ пен өзара құрметте»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *«Достыққа, өзара көмекке және құрметке үйренеміз»* *ЖЖЕ — «Менің мектепке баратын жолым. Жаңа бағыттар»* *Жеке қауіпсіздік — «Интернет пен мессенджерлердегі қауіпті сілтемелер»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі

	3-аптаның дәйексөзі: «Бірлік болмай, тірлік болмас» 14.12.26 ж.–20.12.26 ж.			
15	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Менің мақтанышым — Тәуелсіз Қазақстан!» Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Конституция — «Конституция — тәуелсіз Қазақстанның құқықтық негізі»* *DOSBOLLIKE — «Буллингсіз сынып: бір-бірімізді қолдаймыз»* *Жеке қауіпсіздік — «Жедел көмек қызметтерінің нөмірлері»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
	4-аптаның дәйексөзі: «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған» 21.12.26 ж.–27.12.26 ж.			
16	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Жаңа жыл ізгі әрі қауіпсіз істерден басталады» Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Таза Қазақстан — «Жауапты Жаңа жыл: қалдық аз — табиғатқа қамқорлық көп»* *Жеке қауіпсіздік — «Интернет пен мессенджерлердегі қауіпті сілтемелер»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
	III тоқсан Қаңтар – заң және тәртіп айы			
1 қаңтар – Жаңа жыл				
	2-аптаның дәйексөзі: «Талап бар жерде, тәртіп бар». 11.01.27 ж.–17.01.27 ж.			
17	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Бүгінгі адал бала — ертеңгі адал азамат» Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:***	Сынып сағаты (адалдық сағаты)	Сынып жетекшісі	

	Заң және тәртіп Конституция құндылықтары аясында — «Адалдық, заң және азаматтың жауапкершілігі» *Еңбек адамы — «Адалдық — болашақ маманның қасиеті»* *Жеке қауіпсіздік — «Таныммен тәжірибе жасаудың қаупі»*			

3-аптаның дәйексөзі:
«Тәртіп – тәрбие бастауы»
«Тәртіп — тәрбие бастауы, ал тәртіпсіздік — өмірдің қас жауы.»
18.01.27 ж.–24.01.27 ж.

18	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Заң және тәртіп»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Заң және тәртіп Конституция аясында — «Ережелерді сақтау және өзге адамның қадір-қасиетін құрметтеу — құқықтық тәртіптің негізі»* *DOSBOLLIKE — «Буллингтен қорған! Өзгелермен қарым-қатынас жасауды үйренеміз»* *Жеке қауіпсіздік — «Табиғат аясындағы демалысқа қалай дайындалу керек?»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі

4-аптаның дәйексөзі:
«Әділет жолы- адал жол»
25.01.27 ж.–31.01.27 ж.

19	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Мен өз құқықтарымды білемін»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Заң және тәртіп Конституция аясында — «Конституция адам құқықтарына кепілдік береді, ал заңды сақтау оларды қорғауға көмектеседі»* *Жеке қауіпсіздік — «Үйдегі ойындар: қауіпсіздік шараларын сақтаймыз»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі

Ақпан — жасампаздық және жаңашылдық айы
14 ақпан– Халықаралық кітап сыйлау күні
Ақпанның екінші сейсенбісі— Қауіпсіз интернет күні

1-аптаның дәйексөзі:
«Жасампаздық — бәрімізге өнеге».
01.02.27 ж.–07.02.27 ж.

20	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Жасампаздық және жаңашылдық»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Жасампаздық және жаңашылдық Конституция аясында — «Білім, білім беру және жаңа идеялар — заманауи Қазақстанның дамуына қосқан үлес»* *Жеке қауіпсіздік — қауіпсіз интернет*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
	2-аптаның дәйексөзі: **«Инновация — заман талабы»** **08.02.27 ж.–14.02.27 ж.**			
21	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Шығармашылық пен гаджеттер: пайдасы және денсаулық»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Таза Қазақстан — «Гаджеттер және экология: техниканы жауапты пайдалану»* *Еңбек адамы — «Жасанды интеллект және болашақ мамандықтары»* *Жеке қауіпсіздік — «Төтенше қызмет нөмірлері»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
	3-аптаның дәйексөзі: **«Жаңашылдық жасампаз ойдан басталады»** **15.02.27 ж.–21.02.27 ж.**			
22	***Негізгі тақырып: «Әркімнің бойында талант бар»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Еңбек адамы — «Қабілет пен қызығушылықтан — болашақ мамандыққа»* *DOSBOLLIKE — «Мазақсыз талант: бір-біріміздің қабілетімізді қолдаймыз»* *Жеке қауіпсіздік — «Төтенше жағдай туындағанда жедел қызметтерге қоңырау шалу сценарийлері»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
	4-аптаның дәйексөзі: **«Жаңашылдық – заман талабы»** **«Жаңашылдық — заман талабы»** **22.02.27 ж.–28.02.27 ж.**			
23	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Айналамыздағы ЖИ: әлемді өзгертетін инновациялар»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Еңбек адамы — «Адам және ЖИ: білім, еңбек және нәтижеге*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	

20	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Жасампаздық және жаңашылдық»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Жасампаздық және жаңашылдық Конституция аясында — «Білім, білім беру және жаңа идеялар — заманауи Қазақстанның дамуына қосқан үлес»* *Жеке қауіпсіздік — қауіпсіз интернет*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
	2-аптаның дәйексөзі: **«Инновация — заман талабы»** **08.02.27 ж.–14.02.27 ж.**			
21	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Шығармашылық пен гаджеттер: пайдасы және денсаулық»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Таза Қазақстан — «Гаджеттер және экология: техниканы жауапты пайдалану»* *Еңбек адамы — «Жасанды интеллект және болашақ мамандықтары»* *Жеке қауіпсіздік — «Төтенше қызмет нөмірлері»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
	3-аптаның дәйексөзі: **«Жаңашылдық жасампаз ойдан басталады»** **15.02.27 ж.–21.02.27 ж.**			
22	***Негізгі тақырып: «Әркімнің бойында талант бар»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Еңбек адамы — «Қабілет пен қызығушылықтан — болашақ мамандыққа»* *DOSBOLLIKE — «Мазақсыз талант: бір-біріміздің қабілетімізді қолдаймыз»* *Жеке қауіпсіздік — «Төтенше жағдай туындағанда жедел қызметтерге қоңырау шалу сценарийлері»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
	4-аптаның дәйексөзі: **«Жаңашылдық – заман талабы»** **«Жаңашылдық — заман талабы»** **22.02.27 ж.–28.02.27 ж.**			
23	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Айналамыздағы ЖИ: әлемді өзгертетін инновациялар»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Еңбек адамы — «Адам және ЖИ: білім, еңбек және нәтижеге*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	

	жауапкершілік» *Жеке қауіпсіздік — «Жасанды интеллект мүмкіндіктері. Ата-ананың дауысымен жасалатын қоңыраулар»*			
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы				**1**
	наурыз– Алғыс айту күні **8 наурыз– Халықаралық әйелдер күні** **21, 22, 23 наурыз – НАУРЫЗ мерекесі** **30 наурыз– Дүниежүзілік Жер күні**			
	1-аптаның дәйексөзі: **«Патриотизм – ата-ананды құрметтей білуің...»(Б.Момышұлы)** **«01.03.27 ж.–07.03.27 ж.**			
24	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «1 наурыз — Алғыс айту күні. Алғыс жүректен шығады»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Жеке қауіпсіздік — «Көшеде қаңғыбас итті кездестіру»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
	2-аптаның дәйексөзі: **«Тәуелсіздік — тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік».** **08.03.27 ж.–14.03.27 ж.**			
25	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Анашым — бәрі сенен басталады!»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Еңбек адамы — «Отбасындағы ананың еңбегі: қамқорлықтың да құндылығы бар»* *Жеке қауіпсіздік — «Бейтаныс адамға көмектесуге бола ма?»*	Сынып сағаты челлендж	Сынып жетекшісі	
	3-аптаның дәйексөзі: **«Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады».** **15.03.27 ж.–21.03.27 ж.**			
26	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Наурыз — жыл басы»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Жеке қауіпсіздік — «Интернет пен мессенджерлердегі қауіпті сілтемелер»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	

IV тоқсан

Сәуір — еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні
7 сәуір– Дүниежүзілік денсаулық күні
12 сәуір – Ғылым күні
15 сәуір– Халықаралық мәдениет күні
18 сәуір– Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні
23 сәуір – Ұлттық кітап күні

1-аптаның дәйексөзі:
«Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең».
29.03.27 ж.–04.04.27 ж.

27	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Біз таңдайтын кітаптар»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Еңбек адамы — «Кітап — тұтас команданың еңбегінің нәтижесі»* *ЖЖЕ — «Жарақаттар мен сыдырылулар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру»* *Жеке қауіпсіздік — «Тағаммен тәжірибе жасаудың қаупі»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі

2-аптаның дәйексөзі:
«Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап» (Абай)
06–11.04.26 г.

28	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «7 сәуір — Дүниежүзілік денсаулық күні. Салауатты өмірге қадам: еңбек шынықтырады, жалқаулық әлсіретеді»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Еңбек адамы — «Белсенділік, еңбек және өзін-өзі тәртіпке келтіру — салауатты өмірге қадам»* *Таза Қазақстан -– «Таза орта — денсаулық пен өмір сапасының негізі»* *Заң және тәртіп Конституция аясында — «Денсаулықты қорғау — адам құқығы және өз денсаулығына жауапты көзқарас»* *Жеке қауіпсіздік — «Табиғат аясындағы демалысқа қалай дайындалу керек?»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі

3-аптаның дәйексөзі
«Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді» (Леонардо да Винчи)
05.04.27 ж.–11.04.27 ж.

29	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «12 сәуір — Ғарышкерлер күні. Байқоңырдан басталған сапар»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Еңбек адамы — «Инженерден ғарышкерге дейін: ғарыш жолындағы командалық еңбек»* *ЖЖЕ — «Жарақаттар мен сыдырылулар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру»* *Жеке қауіпсіздік — «Табиғат аясындағы демалысқа қалай дайындалу керек?»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	13.04.2026 г.
	4-аптаның дәйексөзі: **«Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар»** **12.04.27 ж.–18.04.27 ж.**			
30	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы:*** ***«Барлық мамандық маңызды»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Заң және тәртіп Конституция аясында — «Еңбек ету, мамандық таңдау құқығы және еңбек адамына құрмет»* *Жеке қауіпсіздік — «Үйдегі ойындар: қауіпсіздік шараларын сақтаймыз»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	20.04.2026 г.
	5-аптаның дәйексөзі: **«Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер»** **26.04.27 ж.–02.05.27 ж.**			
31	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні. Әртүрліміз, бірақ теңбіз — елімізде біргеміз»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** *Заң және тәртіп Конституция аясында — «Құқықтар теңдігі, өзара құрмет және Қазақстан азаматтарының бірлігі»* *Жеке қауіпсіздік — «Төтенше қызмет нөмірлері»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	27.04.2026 г.

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні
7 мамыр – Отан қорғаушылар күні
9 мамыр – Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні
15 мамыр – Халықаралық отбасы күні
18 мамыр – Халықаралық музейлер күні
31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

1-аптаның дәйексөзі :
«Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ»
03.05.27 ж.–09.05.27 ж.

32	***Сынып сағатының негізгі тақырыбы:*** **7 мамыр — Отан қорғаушылар күні** *Қауіпсіздік сабағы* *Жеке қауіпсіздік — «Төтенше жағдай туындағанда жедел қызметтерге қоңырау шалу сценарийлері»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі

2-аптаның дәйексөзі:
«Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ»
17.05.27 ж.–23.05.27 ж.

33	***«9 мамыр — Жеңіс күні: халық ерлігіне тағзым»*** ***Құндылықтарды жүйелі кіріктіру:*** ***1-сынып**: «Төтенше жағдай туындағанда жедел қызметтерге қоңырау шалу сценарийлері»* ***2-сынып:** «Төтенше жағдай туындағанда жедел қызметтерге қоңырау шалу сценарийлері»* ***3-сынып:** «Төтенше жағдай туындағанда жедел қызметтерге қоңырау шалу сценарийлері»* ***4-сынып:** «Төтенше жағдай туындағанда жедел қызметтерге қоңырау шалу сценарийлері»*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі

3-аптаның дәйексөзі:
Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би)
«Бірліксіз ешбір істің берекесі жоқ». (Толе би)
24.05.27 ж.

34	**«Менің білімім — Отаныма!»**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	